Қызметтің бұл саласындағы мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалар тұрақсыз және бекітілген әрекет ету мерзімінен бұрын жиі алмастырылады[5]. Сонымен бірге көлік экспедициясы саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге қатысты бағдарламалық құжаттар жүктерді (темір жол көлігімен таситын) рәсімдеудің кедендік тәртібіне және сыртқы экономикалық қызметке бақылаудың тиімділігіне басымырақ көңіл бөледі. Басқаша айтқанда, бұл саладағы мемлекеттік саясат ішкі мемлекеттікке қарағанда халықаралық-құқықтық аспектіге көбірек жұмылдырылған. Бұдан басқа, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды талдау нәтижесі экспедиторлық бизнестің Қазақстандағы дамуы, көбінесе, темір жол көлігіндегі экспедиторлық қызметтің нарығымен байланыстылығын көрсетті.

Қазіргі таңда көліктік-экспедициялық қызметтерді көрсетуді азаматтық-құқықтық реттеу азаматтық заңнама нормаларымен және арнайы көлік заңнамасының нормаларымен жүзеге асырылады. Оған қоса, көлік заңнамасының жүйесінде ұлттық заңнама нормаларының алдында басым күшке ие ратификация

*[3]Руководство по статистике международной торговли услугами, 2010 (РСМТУ-2010) //Статистические документы Серия М № 86/ Rev.1; Классификатор Генерального соглашения по торговле услугами (ГАТС, 1995); Расширенная классификация услуг, отражаемых в платежном балансе, 2010 (РКУПБ – 2010).*

*[4]Руководство по статистике международной торговли услугами, 2010 (РСМТУ-2010) // Статистические документы Серия М № 86/ Rev.1 – 64-б.*

*[5]Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы (2006 ж.), Қазақстан Республикасын үдемелі дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (2010 ж.), Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі көліктік жүйе инфрақұрылымын дамыту және интеграциялау мемлекеттік бағдарламасы (2014 ж.), 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы. (2015 ж.).*

ланған халықаралық келісімдер әрекет етеді[6].

Көліктік-экспедициялық қызметтер аясындағы шарттық қатынастар ҚР Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АК) нормаларымен реттеледі[7]. ҚР АК 3-бабының 2-тармақшасына сәйкес кодекс нормалары арнайы көлік заңнамасының азаматтық-құқықтық нормалары алдында басымдылыққа ие. Көлік экспедициясын құқықтық реттеу сұрақтарына дербес 35-тарау – «Көлік экспедициясы» арналған.

Негізгі арнайы заң ретінде «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» ҚР 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңы қарастырылады. Тасымалдау жүзеге асырылатын көліктің түрлеріне қарай көліктік-экспедициялық қызметтер «Теміржол көлігі туралы» ҚР 2001 ж. 8 желтоқсандағы Заңымен, «Автомобиль көлігі туралы» ҚР 2003 ж. 4 шілдедегі Заңымен, «Ішкі су көлігі туралы» ҚР 2004 ж. 6 шілдедегі Заңымен, «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» ҚР 2002 ж. 17 қаңтардағы Заңымен, «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» ҚР 2010 ж. 15 шілдедегі Заңымен және т.б. реттеледі.

Оған қоса, бөлек топтама ретінде көліктің кейбір аспектілерін реттейтін жалпы сипаттағы заңнамалық актілерді шығарсақ болады: Кеден кодексі, Жер кодексі, Кәсіпкерлік кодекс, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заң, «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заң, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң, «Жол жүрісі туралы» Заң және т.б.

Заңға сәйкес акт ретінде ҚР Инвестициялар және даму министрінің бұйрығымен бекітілген 2015 ж. 24 сәуірдегі Теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызметті жүзеге асыру қағидалары және ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 ж. 28 шілдедегі бұйрығымен бекітілген Экспедитор қызметтерін ұсыну ережелері (теміржол көлігінде) әрекет етеді.

Қазақстанда жүк тасымалы құрылымында құбыржолдар бойынша және теміржол тасымалынан кейінгі үшінші орынды автомобильдік тасымалдаулар алатынына қарамастан, жүк автомобилі арқылы тасымалдаумен жөнелту заңға сәйкес акт деңгейінде реттелмеген.

Көліктік-экспедициялық қызметтердің бір мәселесі оны кешенді және жүйелі түрде реттеудің Қазақстанда жоқтығында. Мысалы, көліктік-экспедициялық қызметтер жөніндегі арнайы заңдар Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасы мен Украинада әрекет етеді[8]. Ресей мен Украина заңы шартқа қойылатын талаптарды, шарттағы тараптардың құқықтар мен міндеттері мәселелерін, экспедитордың жауапкершілігін, сонымен қоса дауларды шешу тәртібін қамти келе, көліктік-экспедициялық қызметтер аясындағы мүліктік қатынастарды реттейді. Беларусь Республикасында көліктік-экспедициялық қызмет туралы заң шарттық қатынастардан басқа көліктік-экспедициялық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу, басқару және бақылау мәселелерін қозғайды.

Көліктік-экспедициялық қызметті құқықтық реттеудегі тағы бір мәселе, бұл - көліктік-экспедициялық құжаттардың бірыңғайландырылған үлгілерінің жоқтығында. Экспедиторлар өз беттерінше құжаттар жасауға немесе халықаралық кәсіби ұйымдардың үлгілерінің бланкілерін қолдануға мәжбүр болады[9]. Бұл мәселе бойынша Ресей тәжірибесі есте қалады. Ресейде Үкіметпен бекітілген көліктік-экспедициялық қызмет ережелері әрекет етеді[10]. Алғашында ережелерге FIATA (Экспедиторлық Қауымдастықтардың Халықаралық Федерациясы) көліктік-экспедициялық құжаттарының сегіз үлгісі алынатын болып жоспарланған, бірақ нәтижесінде экспедиторға тапсырманың, экспедиторлық қол-

*[6]РЧикагская конвенция о международной гражданской авиации от 7 декабря 1944 г. (в том числе 18 приложений); Соглашение о международном железнодорожном грузовом сообщении (Соглашение социалистических стран о международном железнодорожном грузовом сообщении) (Варшава, 1950 г.); Соглашение о международном пассажирском сообщении (Варшава, 1950 г.); Конвенция о договоре международной перевозки грузов (Женева, 19 мая 1956 г.); Европейское соглашение о важнейших линиях международных комбинированных перевозок и соответствующих объектах (Женева, 1 февраля 1991 г.); Рамочное соглашение Организации экономического сотрудничества (ЭКО) по транзитным перевозкам (г. Алматы, 9 мая 1998 г.) и др.*

*[7]Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-XIII, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409.*

*[8]Федеральный закон 30.06.2003 №87-ФЗ «О транспортно-экспедиционной деятельности»; Закон Республики Беларусь от 13.06.2004 № 124-3 «О транспортно-экспедиционной деятельности»; Закон Украины от 01.07.2004 г. № 1955-IV «О транспортно-экспедиторской деятельности».*

*[9]Формы документов разрабатываются Международной федерацией экспедиторских ассоциаций (FIATA), Канадской международной ассоциацией грузовых экспедиторов (CIFFA), Британской международной ассоциацией экспедиторов (BIFA), Национальной ассоциацией таможенных брокеров и экспедиторов Америки (NCBFAA), Швейцарской ассоциацией по экспедиции и логистике (SSV), Скандинавской ассоциацией экспедиторов (NSAB) и др.*

*[10]Постановление Правительства Российской Федерации от 8 сентября 2006 г. N 554 г. «Об утверждении Правил транспортно-экспедиционной деятельности».*

хаттың және қойма құжаттарының үлгілері бекітілген [1, 66-б.]. Осылайша, Ресейдегі арнайы ережелер орын алған көліктік-экспедициялық құжаттарды бірыңғайландыру мәселесін шеше алмады және заң әдебиеттерінде лайықты сынға ұшырады [2, 14-б.].

Беларусь Республикасының көліктік-экспедициялық қызмет ережелері халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде құжаттардың халықаралық үлгілерін (халықаралық ұйымдармен ұсынылған) қолдануға мүмкіндікті қарастырады, және бұл өз кезегінде құқықтық реттеуге біршама айқындылық енгізеді.

Осылайша, бір жағынан көліктік-экспедициялық қызметтегі құжаттарды бірыңғайландыру қажеттілігі бар болса, алайда басқа жағынан, шетелдік тәжірибе көрсеткендей, экспедиторлық құжаттардың үлгілерін нормативті бекіту бұл мәселені толығымен шешпейді. Бұл шаралармен қатар Беларусь Республикасының заңнамасы тәрізді халықаралық ұйымдардың бірыңғайландырылған экспедиторлық құжаттарына ресми мәртебе берген жөн.

Көлік экспедициясы шартын құқықтық саралау. Көліктік-экспедициялық қызмет аясындағы міндеттемелік қатынастарды құқықтық реттеудің орталық проблемасы шарттың құқықтық сараланwhy болып табылады. Көлік экспедициясы шартын саралау экспедитордың құқықтық мәртебесі мен оның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін айқындайды. Осыған байланысты заң әдебиеттерінде бұл сұраққа көбірек назар аударылады.

Көлік экспедициясы шартының шарттардың басқа да түрлерімен ұқсас элементтері бар, заң әдебиеттерінде бұл шарттың азаматтық-құқықтық шарттар жүйесіндегі дербестігі жөнінде даулар әлі де жалғасуда. Даудың бастауы шартты құқықтық саралаудың кеңестік тәсілінде жатыр.

ССР Одағы мен республикаларының Азаматтық заңнама негіздерінде (бұдан әрі – Негіздер)[11] көлік экспедициясы шарты тасымалдау шартының бір түрі ретінде қарастырылды (Негіздердің 115-бабы). Негіздердің 115-бабының 2-тармағының ережелері тапсырма және комиссия туралы нормаларды қосымша қолдануды қарастырды. Негіздердің 115-бабының 3-тармағының ережелері көліктік-экспедициялық қызметтердің мазмұнына байланысты экспедитордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін айқындады, яғни экспедитордың жауапкершілігі мердігерлік, сақтау және басқа да шарттардың ережелерімен айқындалуы мүмкін болды.

Кеңестік азаматтық құқықтағы көлік экспедициясы шарты дербес мағынаға ие болмады. Шартты құқықтық саралауға қатысты кеңестік көзқарастар қазіргі теорияда көрініс тапты. Бір ғалымдар көлік экспедициясы шартын аралас шарт ретінде сипаттаса [3, 167-б.], басқа ғалымдар оның дербестігін жоққа шығарады және оны өзге де азаматтық-құқықтық міндеттемелердің түрі ретінде қарастырады [4, 438 – 439-б.].

Шарттың пәнін басқа шарттардың пәнінен ажыратуға мүмкін болған жағдайда ол дербес мағынаға ие болады. Көлік экспедициясы шартын құқықтық саралаудың негізгі проблемасы көлік экспедициясы шартының пәнін заң әдебиеттеріндегі басқа да шарттардың пәнінен оңашалауда жатыр. Бұл мәселе бүгінгі таңда отандық ғылымда үлкен қиындықтар туғызады.

Көлік экспедициясы шартының пәнін талдамас бұрын бұл сұрақтың кеңестік азаматтық құқық бойынша құқықтық реттелуіне көз жүгірткеніміз жөн. Негіздердің 105-бабының 1-тармағына сәйкес шарттың пәнінде қызметтің екі түрін ажыратты: негізгі және қосымша. Экспедитордың негізгі қызметі жүк жөнелтушінің атынан немесе өзінің атынан бір немесе бірнеше жүк тасымалдау шарттарын жасаумен айқындалды. Тасымалдаумен байланысты өзге де қосымша қызметтер экспорт немесе импорт үшін талап етілетін құжаттарды алу, кедендік және өзге шарттылықтарды орындау, жүктің саны мен жай-күйін тексеру, оны тиеу мен түсіру, жөнелтушіге жүктелетін баждарды, алымдар мен басқа да шығындарды төлеу, жүкті сақтау, оны баратын жерінде алу қызметтерін орындау түсінілді.

Қазақ ССР Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚазССР АК) 377-бабына сәйкес көлік экспедициясы шартының пәні болып клиенттің мекенжайына келуші жүктерді жөнелту немесе алу айқындалды. Шартта негізгі қызметтерден басқа жүктерді жөнелту мен алуға байланысты қосымша қызметтер де (буыптүю, таңбалау, тиеу, түсіру және т.с.с.) көзделуі мүмкін. Ескеретін жайт, Негіздерден айырмашылығы ҚазССР АК бойынша негізгі қызметтер жүкті тасымалдау шарттарын жасау емес, жүктерді жөнелту мен алу арқылы айқындалды. Басқаша айтқанда, ҚазССР азаматтық заңнамасында негізгі қызметтер ретінде жүктерді жөнелту мен алу бойынша нақты әрекеттерді жасау түсінілді.

Қазақстанның Азаматтық кодексі көлік экспедициясы шартының пәнін айқындау кезінде ҚазССР АК емес, Негіздердегі тәсілді қабылдады. Яғни, ҚР АК 708-бабына сәйкес көлік экспедициясы шартының пәні - жүкті тасымалдаумен, соның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан тасымалдау шар-

[11] *Основы гражданского законодательства Союза ССР и республик (утв. ВС СССР 31.05.1991 N 2211-1).*

тын (шарттарын) жасасумен байланысты қызметтер. ҚР АК 708-бабының 1-тармағының 2-бөлігіне сәйкес шарттың пәні жүкті жеткізу үшін қажетті қосымша қызметтер болып көзделуі мүмкін.

Қазіргі теориядағы көліктік-экспедициялық қызметтердің негізгі және қосымшаларға жіктелуі тәжірибелік маңызының жоқтығынан сынға ұшырауда [5, 715-721-б.; 6, 7-б.; 7, 7-б; 8, 7-б]. Біз бұл ұстанымды ұстана алмаймыз, өйткені бұл саралауды өңдеу көлік экспедициясы шартын басқа сабақтас шарттардан ажырату мәселесінде шешуші маңызға ие деп санаймыз. Және осы жерде біз негізгі мәселеге келеміз. Теорияда да, заңнамада да негізгі және қосымша қызметтердің нақты өлшемдері белгіленбеген.

Біздің ойымызша, экспедитордың негізгі қызметтері көлік экспедициясы шартының пәні үшін маңызға ие. Біріншіден, экспедитордың негізгі қызметтері оларды барлық көмектесуші және қосымша көліктік, мысалы, жүктерді өңдеу бойынша бөлек қызметтермен немесе қоймалардың қызметтерімен байланысты қызметтерден бөлек категорияға даралауға көмектеседі. Екіншіден, экспедитордың негізгі қызметтерінің арқасында көлік экспедициясы шарты олардың мазмұнына түрлі ұқсас міндеттемелер (тапсырма, комиссия, агент қызметін көрсету, сақтау, тасымалдау және т.б.) кіруі мүмкін екендігіне қарамастан заңшығарушымен шарттың дербес түрі ретінде танылады. Олай болса, көлік экспедициясы шартының пәнін анықтау үшін экспедитордың қосымша қызметтері емес, нақ осы негізгі қызметтері елеулі мәнге ие болады. Экспедитордың қосымша қызметтері шарттың пәні болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін, және осының негізінде негізгі қызметтермен салыстырғанда оларды факультативті (тұрақсыз) ретінде сипаттасақ болады. Осылайша, қосымша қызметтер негізгі қызметтерден бөлініп, өз алдына шарттың пәнін қалыптастырмайды.

Негізгі қызметтермен қатар заңнамамен шарттың пәніне тасымалдаумен байланысты өзге де қызмет түрін қосуға тыйым салынбағандығын ескере кеткен жөн. Олар шарт пәнінің құрамдас бөлігі болады. Көлік экспедициясы шартының пәніне кірген кезде қосымша қызметтер негізгі қызметтермен біртұтас және заңнамамен бекітілген міндеттемелердің басқа да түрлері жөніндегі нормаларды қолдану мүмкіндігін қоспағанда (ҚР АК 708-бабының 2-тармағы), көлік экспедициясы туралы (мысалы, сақтау немесе тасымалдау емес) азаматтық-құқықтық нормалардың реттеуінде болады. Осы жерде В.В. Витрянскийдің сипаттамасымен келіскен жөн болар: «<…> егер нақты көлік экспедициясы шартынан туындайтын экспедитордың міндеттемелері басқа шарттардың түрлеріне тән айқындалған міндеттердің жиынтығымен біткеніне қарамастан, әр түрлі міндеттемелердің элементтерінің үйлесуі, сөзсіз, жаңа сапаны береді» [5, 650-651-б.]. Бір жағынан көлік экспедициясы шартының пәніне кіретін қосымша қызметтер (міндеттемелер) шартты міндеттемелер жүйесіндегі дербестігінен айырмайды. Басқа жағынан, бұл қызметтер (міндеттемелер) шарттың құрамдас бөлігі болып табылғандықтан көлік экспедициясы шартының пәнінен дара қарастырылмауы тиіс.

Экспедитордың қызметтерін жіктеу өлшемдері құқықтың да, экономиканың да зерттеу объектісі болып табылатынын ескеру маңызды. Экспедитордың негізгі қызметтерінің мазмұнының заңи айқындалмағандығын шешу үшін экономикалық теорияға жүгіну пайдалы болып қалар.

Экономикалық әдебиеттерде көліктік-экспедициялық қызметтердің келесідей жіктелуін ажыратады. Қызметінің сипатына қарай көліктік-экспедициялық қызметтер технологиялық, ақпараттық-анықтамалық, коммерциялық, сервистік және ұйымдастырушылық болып бөлінеді. Көлік ұйымының негізгі қызметімен өзара байланыс белгісіне қарай көліктік-экспедициялық қызметтер жүк тасымалдауын жүзеге асыратын (жеке көлігі бар болғанда) және жүк тасымалдауын жүзеге асырмайтын қызметтерге бөлінеді. Тұтынушының (клиенттің) түріне қарай сыртқы және ішкі көліктік-экспедициялық қызметтерге бөлінеді. Ішкілерге - көліктік ұйымдарға (тасымаладушыларға) көрсетілетін, сыртқыларға – көліктік емес ұйымдарға (жүкті жөнелтушілерге, жүкті алушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға) ұсынылатын қызметтер жатады [9, 40-41-б.].

Көліктік-экспедициялық қызметтердің экономикалық мазмұнын талдай келе, біз мынадай тұжырымға келдік, негізгі қызмет ретінде тасымалдаумен байланысты келесідей қызметтерді бөлуіміз қажет:

- Дайындық және/немесе ақырғы қызметтер (жүкті тасымалдауға дайындау, жүкті қабылдау мен тапсыру және т.б.);
- Қоймалық қызметтер (жүкті сақтау мен таңбалау, жөнелтулерді шоғырландыру және т.б.);
- Экспедициялық (жүкті күзету және алып жүру, құжаттаманы рәсімдеу, есеп айырысу операциялары).

Экспедитордың қызметтерін экономикалық саралауда негізгі қызметтерге тасымалдау үрдісінің басталуы, жалғасуы және аяқталуымен байланысты көмектесуші сипаттағы жұмыстар, қызметтер және операциялар жатқызылған (тасымалдауды жоспарлау, материалдарды жеткізу, қоймаға салу мен сақтау, буып-түю мен біріктіру және т.б.). Жоғарыда

көрсетілген барлық көмектесуші сипаттағы қызметтерді – біртұтас жалпы экспедициялық қызметтер атауына біріктіруге болады.

Көліктік-экспедициялық қызметтердің мәнін экспедициялық қызметтер айқындайды. Көліктік-экспедициялық қызмет экспедициялық қызметтерсіз көліктік кешен жүйесінде өзіндік мәнін жоғалтады, өйткені жасаушы сипатқа ие және көліктік-экспедициялық қызметті қызметтің дербес түріне бөліп шығарады. Көліктік қызметтер (жүк тасымалы) экспедитордың қосымша қызметтеріне жатқызылуы тиіс деп қорытынды шығаруға болады. Бұл көлік экспедициясы шарты пәнінің құрамдас бөлігі ретіндегі жүктерді тасымалдауды сипаттауға қатысты да әділетті. Жүктерді тасымалдау экспедитордың қосымша (негізгі емес) қызметіне жатады.

Біздің ойымызша, отандық құқықта «көліктік-экспедициялық қызметтер» экономикалық терминін қолдану заңгерлерді абдырауға әкеледі. Егер шарттың атауы көлік экспедициясы шарты ретінде айқындалса, онда көліктік қызметтер (тасымалдау қызметтері) логика заңы бойынша шарт пәнімен тығыз байланыста болып, оның ажырамас бөлігі болуы тиіс. Алайда, жоғарыда көрсетілген талдау, егер мұндай қызметтер экспедитордың міндеттемелерімен көзделмеген болса, көлік экспедициясы шартының қолданылуы жалғаса беретінін көрсетті.

Шет елдердің заңнамасында көлік экспедициясы шарты жай ғана экспедиция шарты деп аталады. Мысалы, Германияның Сауда Жинағында (бұдан әрі - ГСЖ)[12] экспедиция шарты туралы ережелер (ГСЖ 453-бабы) бар. Бұл шарт өзіндік мәнге ие. Экспедитордың негізгі міндеті жүкті жеткізуді ұйымдастыру болып табылады. ГСЖ 454-бабының 1-тармағында экспедитордың негізгі қызметтерінің шектелген тізбесі көрсетілген:

- тасымалдаудың амалдары мен бағытын айқындау;
- тікелей орындаушыны таңдау, көрсетілген жеткізуге қажетті тасымалдау, сақтау және экспедиция шарттарын жасасу, сонымен қоса қосалқы мердігерлерге ақпарат ұсыну және нұсқаулықтар беру;
- жүкті жөнелтушінің наразылықтарын реттеу [10].

Тасымалдау, сақтандыру, тауарларды буып-түю, таңбалау мен кедендік тазарту қызметтері шарттың пәніне қосылуы мүмкін. Сондықтан, экспедитордың негізгі қызметіне үшінші тұлғалармен осындай қызметтерді ұсыну жөнінде шарттар жасасу жататындықтан көлік экспедициясы шарты дереу делдалдық сипатқа ие болады.

ГСЖ мысалынан экспедиция шартының пәнін жасаушы негізгі қызметтердің нақты анықталғанының нәтижесінде шарттың құқықтық саралануы айқындалған болатынын көруге болады.

Осылайша, көліктік қызметтердің көлік экспедициясы шартының пәніне қосылуына немесе қосылмауына байланысты шартты делдалдық немесе делдалдық емес деп бағалауға әсер етеді. Бұл мәселені шетел заңнамасының мысалында қарастыру қажет.

Германияның Сауда Жинағында егер, экспедитор клиентке қатысты тасмылдаушы болғанда экспедиция шартына қатысты тасымалдау туралы нормалардың тікелей қолдануына жол береді, яғни экспедитор тасымалдаушының құқықтары мен міндеттерін иеленіп, жауапкершілігін көтереді. Егер экспедитор қызметтерінің кешенінде жүкті тасымалдау үшін үшінші тұлғалармен шарт жасасу міндеттемесі болмаса, экспедитор делдал ретінде әрекет етпейді және оған қатысты коммерциялық делдалдық жөніндегі нормалар қолданылмайды. ГСЖ ережелері экспедитор мен клиенттің арасындағы қатынастар тасымалдау туралы нормалармен реттелетін шектелген тізбені айқындайды:

- тікелей экспедитордың өзі тасымалдаушының функцияларын жүзеге асыруы (458-бап);
- « тасымалдау құны кіретін сыйақы түріндегі белгіленген соманы» алу (459-бап)
- олардың жүкті шоғырландыруды жүзеге асыруы (460-бап) [10].

Ағылшын-американдық құқығына сәйкес экспедитордың құқықтық мәртебесі агент ретінде анықталады. Француздық сауда заңнамасы бойынша экспедитор екі мәртебеге ие болуы мүмкін: агент және шарттық тасымалдаушы. Бірінші жағдайда агенттік келісімдер туралы нормалар қолданылады, екінші жағдайда оның міндеттемелері тасымалдау шартымен айқындалады [10].

Осылайша, шетелдік тәжірибені талдау көлік экспедициясы шартының құқықтық жіктелуі экспедитордың жүк тасымалдауын өзі жүзеге асыруына немесе үшінші тұлғалармен тасымалдау туралы шарттар жасасуына байланысты екі жақты сипатқа ие. Бірінші жағдайда ол тасымалдаушы ретінде, екінші жағдайда делдал ретінде әрекет етеді.

Біздің көзқарасымызша, егер экспедитор тасымалдаушы мен клиенттің арасында байланыстырушы буын болған жағдайда ғана көлік экспедициясы шарты делдалдық сипатқа ие болады. Алайда, егер ол тасымалдау бойынша қызметтерді көрсетсе, бұл қатынастарға жүкті тасымалдау туралы ережелер қолданылуы

---

[12] *Торговый кодекс Германии от 10 мая 1897 г.*

тиіс. Сол жағдайда шарт делдалдық сипатқа ие болмауы да мүмкін.

Қазақстандық заңнама бойынша көлік экспедициясы шартының пәні бір жағынан, тапсырма және комиссия шарттарының (ҚР АК 846 және 865-баптары) пәнінен кеңірек болса, басқа жағынан, жалпы ереже бойынша, оларға қатысты өтелмелі қызмет көрсету туралы ережелер заңнамаға сәйкес қолданылмайтын, тапсырма және комиссия міндеттемелерін (ҚР АК 683-баптың 2-тармағы) өзіне қосады. Қазақстандық заңнама бойынша көлік экспедициясы шарты дербес шарт бола ма әлде тапсырма немесе комиссия шарттарының түрі ме деген сұраққа жауап беру үшін олардың пәндері сәйкес пе, жоқ па анықтау қажет.

Қазақстандық азаматтық заңнама бойынша көлік экспедициясы шартына өтелмелі қызмет көрсету туралы жалпы ережелер қолданылмайды. Тасымалдау қызметтерін экспедитор тікелей өзі атқаратындығына немесе үшінші тұлғалармен тасымалдау туралы шарттар жасасатындығына байланысты көліктік-экспедициялық қатынастарға қосымша комиссия/тапсырма туралы ережелер де қолданылады.

Біздің ойымызша, егер экспедитор бір уақытта тасымалдаушы болса, онда көлік экспедциясы шартына тасымалдау жөніндегі ережелер қолданылуы тиіс және экспедитордың жауапкершілігі тасымалдаушының жауапкершілігі жөніндегі ережелермен айқындалуы тиіс. Бірақ ҚР АК мұндай ереже жоқ, біздің ойымызша, бұл кемшілік болып табылады.

Көлік экспедициясы шартының пәніне қайта орала келе, оны құрайтын негіз ретінде экспедитордың жүкті жөнелтуге және/немесе алуға дайындауды ұйымдастыру түріндегі нақты әрекеттерін айқындауға болады. Қазақстандық шарттардың жүйесіндегі құқықтық саралануын айқындаудағы осындай ұқсас қиындықтарға ие тағы бір шарт, ол мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты. Оның көлік экспедициясы шартымен ұқсастығы заңи әрекеттермен (мәмілелерді жасау) қатар нақты әрекеттер кіретін пәнінің сипаттамасында.

Жоғарыдағылардың негізінде, көлік экспедициясы туралы азаматтық-құқықтық нормаларды басқа да міндеттемелер (комиссия және тапсырма) жөніндегі нормалармен жиынтық ретінде қарастыру қажет. Және осы тұста көлік экспедициясы жөніндегі нормалар мен оған қатысты қолданылатын басқа да қосымша нормалардың арасындағы қарама-қайшылықты заңнама деңгейінде жою маңызды. Көлік экспедициясы шарты мен сақтау шартын ажырату мәселесін зерттеу кезінде тапсырма шарты бойынша сенім білдірілген өкілдің сеніп тапсырылған мүліктің сақталуы үшін жауапкершілігін құқықтық реттеуде кемшілік анықталды. Біздің ойымызша, мүлікті сақтау бойынша міндеттемелерді экспедициялық қызметтерден бөлек қарастыруға болмайды, оларсыз экспедициялық қызметтерді орындау мүмкін болмайтын құрамдас бөлігі болып табылады. Клиенттің мүліктің сақталуы бойынша міндеті, оларға сеніп тапсырылған мүлікке қатысты үшінші тұлғалармен мәмілелер жасасуына қатысты тапсырма беруші немесе комиссионердің міндеттері секілді, экспедитордың негізгі міндеттерінен немесе тасымалдаушының міндеттерінен туындайды. Экспедитордың мүліктің сақталуы бойынша міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауаптылығы делдалдық туралы нормалармен реттелуі тиіс (комиссионердің жауаптылығы туралы ҚР АК 873-бабы)[13]. Мүліктің сақталуы бойынша міндеттерін тиісінше орындамаған сенім білдірілген өкілдің (тапсырма шарты бойынша) жауаптылығына қатысты қазақстандық азаматтық заңнамада олқылық бар (бұл жағдайда ҚР АК 5-бабына сәйкес заң аналогиясы қолданылады). Осылайша, көлік экспедициясы шартының пәнінде мүлікті сақтау бойынша қызметтер дербес қызмет болып табылмайды. Оларға сақтау туралы азаматтық-құқықтық нормаларды қолдану мүмкін емес.

Сонымен қатар, көлік экспедициясы шарты бойынша тараптардың – экспедитор, жүк жөнелтуші, жүкті алушы немесе экпедитор қызметіне мүдделі өзге тұлғаның заңнамада айқындалуына мән бергеніміз жөн (ҚР АК 708-бабы). Экспедитор қызметіне мүдделі тұлғалар болып тек жүкті жөнелтуші мен жүкті алушылар ғана болуы мүмкін деп санаймыз. Заң шығарушының тағы басқа қандай тұлғалардың құрамын меңзеп тұрғандығы біз үшін белгісіз болып қалады. Егер сөз экспедиторға сеніп тапсырылған жүк тасымалдауына қатысатын тасымалдаушы туралы болса, онда онымен көлік экспедициясы шарты емес, тапсырма немесе комиссия шарттары бойынша өкілеттілік негізінде жүк тасымалдау шарты жасалынады. Егер бұл тасымалдаушыға, мысалыға, жүкті жөнелтуге немесе алуға дайындау бойынша қызметтер қажет болса, онда мұндай қызметтерді көр-

---

[13] *Және егер бұл азаматтық заңнамамен тікелей бекітілген болса, жүктің сақталуы үшін жауапкершілік тасымалдау туралы ережелермен (ҚР АК 705-бабы) анықталуы мүмкін еді. Бірақ осыған дейін айтылғандай, көлік экспедициясы жөніндегі ҚР АК ережелерінде жүкті тасымалдау шарты жөніндегі ережелерге қатысты сілтемелік нормалар жоқ.*

сету өтелмелі қызметтер көрсету шартымен рәсімделуі тиіс. Егер тасымалдаушыға оның үстіне жүкті жүк алушыға жеткізу қызметі қажет болса, онда экспедитормен шартта ол жүк жөнелтуші ретінде әрекет етеді. Осылайша, көлік экспедициясы шарты бойынша клиент ретінде тек жүк алушы мен/немесе жүк жөнелтушіні көрсету қажет.

Жасалынған талдау негізінде әрекеттегі заңнаманы жетілдіру бойынша келесідей тұжырымдар мен ұсыныстар қалыптастырылды:

- Қазақстанда көліктік-экспедициялық қызметті құқықтық реттеу әлсіз дамыған. Бұл экспедитор құжаттарының бірыңғайландырылған үлгілерінің, көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асырудың жалпы ережелерінің жоқтығынан көрініс табады. Оған қоса, экспедициялық қызмет көп жағдайда автомобильді көлік арқылы жүргізілетіндігіне қарамастан, автомобильді көлікпен экспедицияға қатысты арнайы ережелер жоқ.
- Көліктік-экспедициялық қызмет аясындағы құқықтық айқындылықты қалыптастыру мақсатында арнайы заңды әзірлеу бойынша көрші елдердің оны тәжірибесін алып пайдалану ұсынылады.
- Халықаралық ұйымдардың біріздендірілген экспедиторлық құжаттарына ресми мәртебе беру ұсынылады.
- Көлік экспедициясы шарты өтелмелі қызмет көрсету шарттарының бір түрі болып табылады. Сол мезетте көлік экспедициясы шартының ҚР АК өтелмелі қызмет көрсетулер туралы жалпы ережелерді қолдануды қоспайтын арнайы құқықтық реттелуі бар.
- Теория мен тәжірибедегі шарттың пәні туралы және оның делдалдық сипаты жөнінде дауларды жою үшін көлік экспедициясы шартының атауын экспедиция шартына заңнамалық өзгерту керек.
- Көлік экспедициясы шартының пәні екі қызметтен құралған. Негізгі қызмет ретінде жүкті жөнелту мен алуға дайындау бойынша нақты әрекеттер болып табылады.
- Экспедитордың жауаптылығы көлік экспедициясы шартындағы экспедитордың құқықтық мәртебесіне қарай делдал немесе тасымалдаушы ретінде айқындалуы тиіс. Егер экспедитор жүк тасымалдауын тікелей өзі орындаған жағдайда тасымалдау туралы ережелердің қолданылу мүмкіндігінің есебінен шарттық экспедиторлық қатынастарды құқықтық реттеуді кеңейту қажет.
- Көлік экспедициясы шартының тараптары болып экспедитор және клиент (жүкті жөнелтуші және жүкті алушы) бола алады. Экспедитордың қызметіне мүдделі өзге тұлғалар секілді шарт тараптарының сипаттамасынан бас тарту қажет.
- Тапсырма шарты бойынша сенім білдірілген өкілдің сеніп тапсырылған мүліктің сақталуына қатысты жауапкершілігін құқықтық реттеуде олқылық анықталды.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. *Метелева Ю.А. Правовое регулирование транспортной экспедиции // Журнал российского права, 2007. – с. 65-77*
2. *Кулешов В.В. Договор транспортной экспедиции, проблемы правового регулирования: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - М., 2009. – 25 с.*
3. *Метелева Ю.А. Товарный оборот. Право. Практика. Тенденции регулирования. Изд.: Юриспруденция, 2007 г.*
4. *Романец Ю.В. Система договоров в гражданском праве России. - М., 2001. - 496 с.*
5. *Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга четвертая. Договоры о перевозке, буксировке, транспортной экспедиции и иных услугах в сфере транспорта. 4-е изд., стер. М., 2003. – 910 с.*
6. *Морозов, С.Ю. Договор транспортной экспедиции: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. - Ульяновск, 2003. – 21 с.*
7. *Морозова Н.В. Договор транспортной экспедиции: проблемы квалификации и правового регулирования. Дис. ... канд. юрид. наук. М., 2005. - 172 с.*
8. *Соловых А.В. Договор транспортной экспедиции: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. - М., 2009. – 22 с.*
9. *Дмитриев А.В., Афанасьев М.В. Логистика транспортно-экспедиторских услуг: Учебное пособие. – СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 2010. – 104 с.*
10. *Левин Э. О некоторых проблемах квалификации договора транспортной экспедиции в национальных правовых системах // Хозяйство и право. - 2005. - N 10. - С. 38-48. URL.: http://www.logistics.ru/9/2/i20_26601p0.htm*

## REFERENCES


1. *Meteleva Ju.A., Pravovoe regulirovanie transportnoj jekspedicii // Zhurnal rossijskogo prava, 2007. – s. 65-77*
2. *Kuleshov V. V. Dogovor transportnoj jekspedicii, problemy pravovogo regulirovanija: avtoref. dis. … kand.jurid.nauk. - M., 2009. – 25 s.*
3. *Meteleva Ju.A. Tovarnyj oborot. Pravo. Praktika. Tendencii regulirovanija. Izd.: Jurisprudencija, 2007 g.*
4. *Romanec Ju.V. Sistema dogovorov v grazhdanskom prave Rossii. M., 2001. - 496 s.*
5. *Braginskij M.I., Vitrjanskij V.V. Dogovornoe pravo. Kniga chetvertaja. Dogovory o perevozke, buksirovke, transportnoj jekspedicii i inyh uslugah v sfere transporta. 4-e izd., ster. M., 2003. – 910 s.*
6. *Morozov, S. Ju. Dogovor transportnoj jekspedicii: Avtoref. diss. kand. jurid. nauk. - Ul'janovsk, 2003. – 21 s.*
7. *Morozova N.V. Dogovor transportnoj jekspedicii: problemy kvalifikacii i pravovogo regulirovanija. Dis. … kand. jurid. nauk. M., 2005. - 172 s.*
8. *Solovyh, A. V. Dogovor transportnoj jekspedicii: Avtoref. diss. kand. jurid. nauk. - M., 2009. – 22 s.*
9. *Dmitriev A.V., Afanas'ev M.V. Logistika transportno-jekspeditorskih uslug: Uchebnoe posobie. – SPb.: Izd-vo SPbGUJeF, 2010. – 104 s.*
10. *Levin Je. O nekotoryh problemah kvalifikacii dogovora transportnoj jekspedicii v nacional'nyh pravovyh sistemah [Jelektronnyj dostup] // Hozjajstvo i pravo. - 2005. - N 10. - S. 38-48. URL.: http://shhshhshh.logistics.ru/9/2/i20_26601p0.htm*


---

**УДК 349.6**

# О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ ПРИМЕНЕНИЯ МЕР ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПО ДЕЛАМ ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЯХ В ОБЛАСТИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ

**Багисов Нуржан Бабырович**
*Докторант Института послевузовского образования Карагандинской академии МВД Республики Казахстан имени Баримбека Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан; e-mail: n.bagisov@mail.ru*

***Ключевые слова:*** *охрана окружающей среды; меры обеспечения по делам об административных правонарушениях; местная полицейская служба; природоохранная полиция; возбуждение дела об административном правонарушении; доставление, административное задержание.*

***Аннотация.*** *Обеспечение экологической безопасности Республики Казахстан является одной из основных задач уполномоченных государственных органов, в том числе и органов внутренних дел. законодательство Казахстана наделяет полицию обширным перечнем полномочий по осуществлению природоохранных и карантинных мероприятий. Кроме того, в системе органов внутренних дел функционируют подразделения природоохранной полиции, первоочередной задачей которых является выявление, предупреждение и пресечение правонарушений в области охраны окружающей среды и использования природных ресурсов. Результативность деятельности указанных подразделений, в первую очередь, зависит от совершенства ее правовой и организационной основы. При этом закон наделяет данные подразделения обширными полномочиями по осуществлению механизма профилактики и предупреждения указанных правонарушений, включая процедуру привлечения к административной ответственности и производства ряда процессуальных действий обеспечительного характера, каковыми являются меры обеспечения производства по делам об административных правонарушениях. Надлежащее применение данных мер зависит как от квалификации самих сотрудников природоох-*